

Ата-аналар психологиялық кеңесі

Бізге баланы тыңдауға не кедергі

Соңғы он жылдың ішінде психологтармынаны анықтады: дәстүрлі ата-аналардың түрін анықтап, баланың айтқандарын құлақ түруге не кедергі екендігі анықтанды.

Ата-аналар балалардың оқуына қалай көмектесе алады?



Балалар назардан тыс қалмауда

Республиканың барлық облыстарында «Мектеп жол» акциясы өтіп жатыр.

Әлемдегі ең жақсы ата-аналар үшін...

«Психологиялық тұрғыдан сау тұлғаны қалыптастыру арқылы отбасының жақсы имиджін нығайту шаралары» жобасы аясында «Озарение» қоғамдық қорында отбасы институты мәселелері бойынша ауқымды ақпараттық-әдістемелік базасы құрылды. Осы бағытта жұмыс істейтіндерге бұл ресурстардың көмегі тиер деп санаймыз.

Түлектерге кеңес. ҰБТ тапсыруға қалай дайындалу қажет

ҰБТ-ға дайындық

Балаларға ҰБТ-ға дайындалуға қалай көмектесу қажет

Есіңізде болсын, ең бастысы – баланы қобалжу мен қорқудан арылтып, оның дайындалуына қолайлы жағдай жасау.

Жоғарғы сынып оқушыларына кеңес. Стрессіз емтихан тапсыру

Жоғарғы сынып оқушыларына кеңес.

Дербес балалар қайдан пайда болады?

Көбінесе дербестік балалардың мінезіне, темпераментіне, қабілеттілігіне байланысты болады және баланы бұған үйрету үшін қандай да бір ережелер мен іс-әрекеттер керек емес.

Саяхат кезіндегі балалардың қауіпсіздігі

Демалыстағы (поход) қауіп-қатер көбіне балалардың шалалығынан болады. Демалысқа бара жатқанда балалар ересектердің қатаң қадағалауында болған кезде төтенше жағдайлар болмайды.

Балаға ақша ұстауды қалай үйрету керек?

Кеш пе, ерте ме біздің балаларымыздың қолында ақша пайда болады.

Тәрбие құралы

Баламен ата-ана арасында түсінбеушілік туындаған жағдайда, біз әдетте, өзіміздің ескі педагогикалық сеніміміз бойынша, баланы түзету үшін оған әсер ету керек деп ойлаймыз. Тәрбие - ол әсер ету. Кейбір прогрессивті адамдардың айтуы бойынша, яғни қайтадан басқа адам болып өзгеру үшін өзіңе көп күш жұмсау қажет, яғни өзін-өзі жетілдіру керек. Бірақ, осы да басқасы да көп адамдар үшін мүмкін емес.

Балалық ұрлық

Сұрақ

Біздің кенже баламыздың проблемасы болып тұр. Ол 5,5 жаста. Ол менің, үлкен ағасының заттарын, ақшасын ұрлайды және әжесін әрқашанда қорқытады және т.б. Әкесіне мүлде жоламайды, өйткені ол өз баласына дөрекі сөздер айтады және де бұл мен үшін дұрыс қарым-қатынас емес. Бала өте мазасыз және жиі ананы - мынаны сұрай береді.

МЕКТЕП БІТІРУШІНІҢ ЖАДЫНАМАСЫ Ұлттық бірыңғай тестілеу

ҰБТ бойынша ата-аналар қоғамы өкіліне арналған жадынама

Мектепте тамақтануды реформалау жүйесінің батыс елдердегі тәжірибесі және Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептердегі оқушыларды сапалы тамақпен

қамтамасыз ету бойынша атқар

Мамандар кеңесі. Ұл балаға қайтарым беруге үйрету керек пе?

Міне маған осындай сұрақты баласының болашағын ойлаған әр-бір ана қояды: «Ұлдарға өзін ренжіткен адамдарға қайтарым беру керектігін қалай үйретуге болады (6 жасқа)», немесе «Менің ұлым 8 жаста, ол қайырымды бала, өз жасынан үлкен көрінеді».

Мамандар кеңесі. Жазалау және мадақтау

Жақсы отбасында жазалау деген ешқашан болмайды, және бұл отбасы тәрбиесінің ең дұрыс жолы.

Ата-аналар қоғамдық кеңесінің ережесі

Балалармен жұмыс істейтіндерге арналады

Балалардың құқықтарын қорғау және қалпына келтіру процесіне араласу мәселелеріне арналған оқу құралы

БАЛАЛАР ҚАЛАЙ ТӘУЕЛДІЛІККЕ ТҮСІП ҚАЛАДЫ?

Нашақорлық тәуелсіздігі психологиялық және әлеуметтік құрылымының, секта тәуелсіздігінің, сондай-ақ маскүнемдік тәуелсіздігінің ортақтығы көп екенін тәжірибе көрсетеді. Бір қатар секталарының өз тәжірибесінде нашақорлық заттарды пайдаланатыны кездейсоқ емес. Сондықтан, тәуелсіздік туралы әңгіме қоғамда, оның астарында көрсетілген барлық үш түрі түсініледі.

Баланың дамуына не кедергі болады?

Қазіргі уақытта ата-аналарды мазалайтын бәрінен де көрі, екі негізгі мәселе: баланың денсаулығы мен оның рухани дамуы. Баланың дамуы үшін неше түрлі топтар ашылып жатыр, дүкендерде дамытушы әдебиет толып жатыр, мазасыз аналар жаңа немесе одан да көрі тиімді дамыту бағдарламаларын іздеу үстінде. Ал балалар, өз кезектерінде, пайдалы қаражат бөлінген не бір объект, не әлеуметтік теңеу рыногында «тоуар» болды.

Балалардаң балаға жадынама

«РОДИТЕЛЕНОКТЫ» ТӘРБИЕЛЕУІ (5-тен 105-ке дейін қысқаша оқулық)

Кітап авторы, ата-аналарын өзі жалғыз бағып отырған, танымал жас психолог, оқырмандармен оларды тәрбиелеу жөнінде өз кеңестерімен бөліседі. Егер олар мынадай заттарды оқи алатын болса, онда кітап балаларға ғана емес, ол ата-аналарға да пайдалы.

Баланың өмірінде мама мен папа. Немесе тәрбиедегі айырмашылық.

Баланың өмірінде мама – ол нағыз жаратылыс, нәр беретін, қорғайтын, айналадағы барлығымен зорлықсыз, үндесіп тұруды үйретеді. Төзімділікке, уақытылыққа, өзгерістерді қабылдауға үйретеді және бөбектің мінез-құлқы мен мінезіндегі үйлесімді өзгерістерді ынталандырады.

Бала бақшаны таңдау

Балалар тез өседі, және қызығы біреулердікі ғана емес. Бөбек қандай бақшаға баратының ата-аналардың анықтауына қажетті кезең келді.

Педагог - психологтың ата - аналарға

психологиялық кеңес беру жұмысы

Психологиялық қызмет білім беру ұйымдарында өз іс - әрекетін ҚР - ның конституциясымен, заңымен және басқа да нормативтік актіге сәйкес іске асырады. Психологтың қызмет жұмысы Қазақстандық және халықаралық актілердің қатаң бақылауымен және бала дамуын қамтамасыз ететін заңдармен, психологтың этикалық кодексімен негізделеді.

Психологияны өмір тәжірибесінде кең көлемде енгізу нәтижесінде оның көптеген жетістіктерін адамдардың алдында тұрған қиын мәселелерді шешуге ықпал жасауға мүмкіндік берді.

Психологтың кеңес беру және психологиялық коррекция жүргізудің технологиясы мен мазмұнын анықтау XIX ғасырдың аяғынан бері зерттелуде. Соған қарамастан бұл саладағы қызметтің көптеген қыр сырлары әлі толық анықталмаған.

Қазіргі кезде психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу әдістері ретінде белгіленетін көптеген тәсілдерді тәжірибеленуші психолог кеңінен пайдаланылуда. Психологиялық кеңес беру психолог тәжірибесінде бұрыннан бері пайдаланылатын ұғым болғандықтан, ол терминмен психолог қызметінің кең аумағының бір жақты көрсету қиын. Сондықтан психологиялық білім қолданылатын кез келген салада кеңес беру жұмысы осы қызметті ұйымдастыру формаларының бір түрі ретінде саналады. Кеңес беру жұмыстарының өзі бірнеше бағытта болуы мүмкін кәсіби кеңес беру, ата - аналарға және педагогтарға кеңес беру, басшыларға кеңес беру, мектеп жасындағы балаларға кеңес т. с. с.

Ата - аналарға психологиялық кеңес

1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым - қатынас жасауға үйретіңіз.
6. Баланың әрір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
7. Балаға баға бермеңіз, оның іс - әрекетін бағалаңыз.
8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.
9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.
10. Баланың «бақытты кездер банкісі» туралы ойлаңдар.
11. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.
12. Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.
13. Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
14. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.
15. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс - әрекетпен айналысып отырса.
16. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.
17. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
18. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
19. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой - пікірімен санасыңыз.
20. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
21. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
22. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым - қатынам жасауға үйретіңіз.
23. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.
24. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.

25. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.
26. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т. б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
27. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқталуына жағдай жасаңыз.
28. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.
29. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
30. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
31. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.

Баланың мектепке психологиялық дайындығы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеті-баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектісін дамыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу екендігін ерекшелейді. Сондықтан да оқушылардың даму ерекшеліктерін жетік танып білуіміз қажет.

Алты жасар баланың мектепке дейінгі және мектеп аралығындағы жағдайының өзіндік психологиялық ерекшелігін анықтау болып табылады. Танымдық іс-әрекет түрлері жас ерекшеліктеріне сай дамығанын анықтау.

Баланың танымдық қызығушылығын білу- бала жан-дүниесіне билік жүргізудің жолы.

Баланың білуге деген құмарлығын қалай дамытуға болады? Ол үшін ата-ана не істеу керек?

Баланың білуге деген құмарлығын дамыту ересектермен байланыс жасау кезінде ерекше қарқын алады. Ата-анамен қарым-қатынас кезінде бала өзін толғандырған сұрақтарға жауап алуға тырысады, бірақ психологтардың зерттеулеріне қарағанда, сұраққа бірден жауап беруге тырыспау керек, баланы әр нәрсенің жауабын өзі ізденіп табатындай жағдайға жеткізу керек.

Біз, ересектер балалардың қойған сұрақтарына көбінесе, жүрдім-бардым, жеңіл-желпі қарап жатамыз. Сұрағына жауап ала алмаған баланың ересектерден көңілі қалып, біртіндеп айналада қоршаған ортаға қызығушылықтары төмендей бастайды.

Құрметті ата-аналар, есіңізде сақтаныз, сұрақ болмаған жерде дүниені тану да, даму да болмайды.

Сондықтан да балаңыздың білуге құштар жүрегінен шыққан әр сұраққа мұқият қарап, ойланып жауап қайтарыңыз. Бала сұрақ берген сәтте оған ұзын-сонар жауап айтудың қажеті жоқ, оның ұғымына сай қысқа әрі нұсқа жауап берсеңіз болады. Сұраққа жауап бере отырып, баланы ойлануға жетелеу керек. Шама келсе, баланы өзін қызықтыратын сұрақтарға жауапты сөздіктерден, балалар энциклопедиясынан іздену арқылы табуға жетуіне тәрбиелеу керек. Бала өзін қоршаған ортамен белсенді байланысқа түскенде ғана «Неге бұлай? Бұл қалай? Неліктен? Не себептен?» деген сияқты сұрақтар туындайды. Мұндай кездерде ата-ана баланың дамуына ықпал ететін, ол үшін жаңалық болып ашылатын сан алуан әрекет түрлерін ойластырғаны, ұйымдастырғаны жөн. Сол арқылы бала өзін тұлға ретінде таниды, өзі үшін маңызды жаңалық ашады. Ата-ана баласын табиғат аясына, хайуанаттар бағына, саябаққа ертіп апару арқылы олардың дамуын белгілі бір танымдық мақсатқа бағыттайды. Сонымен қатар ол баланы салыстыруға, талдауға, қорытуға, ой түюге итермелейді.

Психологтар балалардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін келесі жағдайларды бөліп көрсетеді:

1. Бала дамуында ерекше сезімтал, әсершіл кезең деп шамамен 3-тен 12 жас аралығы саналады. Сондықтан баланың ақыл-парасат дамуының кемелдігі үшін осы кезеңді босқа өткізбей, толыққанды қолдана білу керек.

2. Баланың танымдық белсенділігі жоғары деңгейде болады. Осы қабілеттерінің дамуы үшін оның оқуға деген ұмтылысы, білуге деген талпынысы басты орынға шығады.

3. Тәрбиенің тең құқылы жүйесі. Ата-ананың балаға үстемдік жасауы, өз айтқандарын істетейіп, баланың ішкі пікірін есепке алмауы, санаспауы, баланың толыққанды дамуын тежеуші бірден-бір фактор болып табылады.

4. Баланы интеллектуалдық тапсырмалар мен жаттығулар орындауға үйретіңіз. Бірақ баланың еркінен тыс мәжбүрлеу ешқандай нәтижеге қол жеткізбейді. Керісінше, оның қызығушылығын жойып, белсенділігін тежейді.

5. Өз бетінше оқу. Бала 9 жасына дейін өз бетімен кітап оқып үйренсе, бұл баланың дамуын ары қарай ұштап дамыта түспек.

6. Өзін жоғары бағалау. Бала өзін, өз қабілеттерін жоғары бағаласа ғана, мақсат еткен, қолға алған кез-келген істе сенімді болады.

7. Бала белгілі бір табысқа қол жеткізген жағдайда ғана өзін-өзі бағалай бастайды. Сондықтан да баланы табысқа, жетістікке жетелейтін жағдай жасауға ұмтылу керек.

8. Баласының интеллектуалдық дамуын, зейінінің өсуін қадағалап отыратын, кітап оқығанды жақсы көретін отбасында баланың дамуы жедел жүреді.

Алты жастағы балаларды оқытуда ойын оқыту әдіс ретінде ерекше орын алады. Осы жастағы балаларға тән мінез-құлық: ойынға деген қызығушылығының артуы, мінез-құлық еріктілігінің жетіспеушілігі, көрнекілік-бейнелік ойлауы. Сондықтан балаларды дамытуда танымдық мазмұны бар ойын элементтерін қолдану өте тиімді болады. Осындай элементтер болып: ойын сюжеті, рөлдерді бөлу, берілген мақсатқа жету және арнайы ережелерді орындау үшін ұтысты ойын элементтерін пайдалану. Аталған әдіс-тәсілдерді тәжірибелік іс-әрекетте күнделікті қолдану

Мақсаттары:

1. «Мектепте оқуға психологиялық дайындық» түсінігі туралы ата-аналарды ақпараттандыру.
2. Мектепте оқудың психологиялық дайындық мәселелерін және оларды шешу жолдары туралы ата-аналарда түсінік қалыптастыру.
3. Болашақ 1-і сынып оқушыларының мектепте икемделу мәселелерін тиімді шешуде ата-аналар қызығушылығын белсендендіру.

Міндеті: балалардың мектепте оқуға психологиялық дайындығының мәселелерін жеңу стратегиясын шығару.

Мектепке психикалық дайындығы

(Синоним: мектептік кемелдену)-баланың мектепте алғашқы жетістіктеріне қажетті психикалық қасиеттері.

Келесі құрастушылардан тұрады:

1. Мотивациялық дайындық – мектепке оңтайлы көзқарасы мен оқуға ынтасы;
2. Ақыл-ойының немесе танымдылық дайындығы-ойлау қабілетінің, жадының, зейін тұрақтылығының және т.б. танымдық үдерістердің даму деңгейінің жеткіліктілігі, білім мен іскерлігінің белгілі қорының бар болуы;
3. Ерік-жігерінің дайындығы - мінез-құлқының еркіндік деңгейінің жоғары дамуы;
4. Коммуникативтік дайындығы- құрбыларымен қарым-қатынас орнату қабілеттілігі, үлкен адамдарға мұғалім ретінде көзқарасы және бірігіп жұмыс істеуге дайындығы.

Мектепке психологиялық дайындығы

1. Баланың мектепке жеке тұлғалық және әлеуметтік-психологиялық дайындығы. Баланың жаңа әлеуметтік орныққан орнын қабылдауы, оның оқушы ретінде мектепке жеке тұлғалық және әлеуметтік-психологиялық дайындығының қалыптасуы.

2. Баланың мектепке дейінгі кезеңдегі қоғамдық орнын салыстырғанда қазіргі орны жаңа ережелерді қабылдауды міндеттейді. Бұл баланың мектепке жеке тұлғалық дайындығында, мұғалімге және оқу әрекетіне, құрбыларына, туыстары мен жақындарына, өзінің-өзіне белгілі бір қатынаста көрінеді.

Мектепке көзқарасы: мектептің күн тәртібін орындау, уақытында сабаққа келу, мектепте және үйде оқу тапсырмаларын орындауы.

Мұғалімге және оқу әрекетіне көзқарасы:

- Сабақтағы жағдаяттарды дұрыс қабылдауы;
- Мұғалімнің іс-әрекетінің негізгі ойын, оның кәсіби рөлін нақты қабылдауы;
- Сабақтың тақырыбына байланысты дұрыс сұрақ қоя білуі;
- Сабақ барысында эмоционалды контакт қолайлы болу үшін, баланы басқа әрекетпен айналыспауға үйрету.

Мектепке дайындығы аталған деңгейде болғанда, бала жаңа қоғамда әлеуметтік – психологиялық икемделу үдерісінен тез арада өтеді.

Баланың туыстары мен жақындарына көзқарасы

Өзінің отбасында жеке орын алатын баланы оқушы ретіндегі жаңа рөліне туыстары сыйлап қарайтынын сезінуі керек. Болашақ оқушыға, оның оқуына маңызды, мазмұнды іс-әрекетті орындап жүргендей көзқарасты білдіру қажет. Өйткені, оқу оның іс-әрекетінің негізгі түрі болып саналады.

Баланың өзі-өзіне көзқарасы

Бала өзінің қабілеттерін, іс-әрекетінің нәтижелерін адекватты түрде өзін-өзі бағалау қажет. Өзін-өзі бағалауы жоғары болса, мұғалімнің айтқан ескертулерін дұрыс қабылдамауы мүмкін. Соның нәтижесінде «мектеп жаман», «мұғалім ызалы» болып көрінеді.

Бала өзін және өзінің мінез-құлқын дұрыс бағалау керек.

Жоғарыда аталған баланың тұлғалық ерекшеліктері, оның жаңа әлеуметтік ортада тез арада икемделуін қамтамасыз етеді.

Баланың мектепке оңтайлы көзқарасы тек қана интеллектуалдық емес, эмоционалды-жігерлік компоненттерін де қамтиды. Оның жаңа әлеуметтік орнына- оқушы болуға тырысуы, мектепте оқудың маңыздылығын тек қана түсініп емес, дұрыс қабылдап, мұғалім мен құрбыларын сыйлау керек. Мектепке деген саналы көзқарасы оқу әрекеті туралы кеңейтілген және тереңдетілген ұғымымен байланысты болу керек. Баланың мектепке қызығушылығын әрі қарай қалыптастыру жолдарын белгілеу үшін, оның оңтайлы көзқарасының деңгейін білу өте маңызды болады.

Сондықтан, мектеп туралы берілген мәлімдемелерді бала тек қана түсінбей, сезініп, өз басынан кешу керек.

Баланы мектепке әкелерден бұрын ата-анасы онымен әңгіме жүргізіп, жаңа әлеуметтік рөлді қабылдауға қаншалықты дайын екендігін білгені өте маңызды. Балаға мектеп тақырыбына сурет салғызып, мектепте оны не қызықтыратынын білу қажет. Жүргізген әңгіменің нәтижесі мен және сол тақырыпқа салынған суретінің мазмұнын талдағанда, оның мектепке деген көзқарасын анықтап, баланы нақты не қызықтырады және нені ұнатпайтынын белгілеген жөн болады. Баланың мектепке көзқарасы мен жаңа әлеуметтік орны туралы қорытынды жасау қажет.

Егер бала мектепте оқығысы келмесе, нақты мотивациясы жоқ болса, оның интеллектуалдық дайындығы мектепте жүзеге аспайды. Ондай бала мектепте мәнді жетістікке жетпейді. Сондықтан, баланың әлеуметтік-психологиялық дайындығын қалыптастырудың қамын ойлау қажет.

Интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі баланың жеке тұлғалық дамуымен кейде сәйкес келмейді. Ондай оқушылар мектепте өздерін «кішкентай балаша» ұстап, оқу үлгерімі тұрақсыз болады.

Ата-анасы баланы қорқытып, мектепте сабақты дұрыс оқымасаң, «2» қояды, «ойнауға уақыт болмайды», «мектепте бағдарлама қиын» деп қорқытуға болмайды. Нәтижесінде баланың мектепке жағымсыз көзқарасы қалыптасып, психологиялық қиыншылықтар себептерінен әртүрлі комплекстер пайда болуы мүмкін.

**Баланың мектепте оқуға дайындығын анықтайтын
ата-аналарға сауалнама**

1. Сіз қалай ойлайсыз, балаңыз 1-і сыныпқа барғысы келе ме?
2. Мектепте ол көп жаңалық пен қызықтыны біліп ала ма деп ойлай ма?
3. Сіздің балаңыз 15-20 минут уақытта өздігінен тынымсыз еңбектеніп бір іспен айналыса ма? (Сурет салу, мозаиканы жинау, сомдау және т.б.)
4. Бейтаныс адамдар арасында сіздің балаңыз ұялмайды деп айта аласыз ба?
5. Сіздің балаңыз суретке сипаттама беріп, 5 сөйлемнен құрылған мазмұнды әңгіме құрастыра ала ма?
6. Сіздің балаңыз жатқа тақпақтар біле ме?
7. Берілген зат есімді көпше түрде айтала ма?
8. Балаңыз буындап болса да оқима?
9. Балаңыз 1 ден 10 дейін тура және кері санай ма?
10. Бірінші ондықтан 1 ден қосып және азайта ала ма?
11. Сіздің балаңыз кішігірім өрнектерді ұқыпты көшіріп, торкөз дәптерге жай элементтерді жаза ала ма?
12. Сіздің балаңыз сурет салуды, суреттерді бояғанды жақсы көре ме?
13. Балаңыз қайшы және желіммен жұмыс істей ала ма? (Мысалы, қағаздан аппликация жасай ма?)
14. Бес элементке бөлініп кесілген суретті 1 минутта тұтас бейнеге айналдыра ала ма?
15. Балаңыз үй және жабайы жануарларды біле ме?
16. Сіздің балаңыз қорытынды жасау біле ме? Мысалы, алма, алмұрт «жемістер» деп айта ала ма?

Әр сұраққа «иә» деп жауап берілсе, 1 ұпай саналады.

Егер де 15 және одан да жоғары ұпай болса, балаңыз мектепте оқуға дайын. Сіздің еңбегіңіз ақталды, келешекте оқу барысында қиыншылық пайда болса да, сіздің көмегіңізбен бала оларды оңай шешеді.

10-14 ұпай болса, сіз баланы дамытудың дұрыс жолындасыз. Ал сіз мақұлдамаған сұрақтар, өзіңізге қандай жақтарға назар аударатынын көрсетеді.

Мақұлдаған сұрақтар саны 9 және одан төмен болса, сіздің балаңыздың дамуына көп көңіл бөлу керек. Мектепте оқуға әлі дайын емес. Сондықтан, баланы жүйелі түрде мектепке дайындау керек.

Өз балаңыздың ерекшелігін тани біліңіз. Балаңыздың өзіндік «Менің» мойындаңыз және қолдай біліңіз. Оның маңыздылығын сездіруге тырысыңыз. Балаңыздың бастамалары мен дербес жасаған әрекеттеріне шынайы түрде қуана біліңіз.

Адам баласының өмірінде қарым-қатынас маңызды орын алады, онсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес. Әр адам дүниеге келгеннен бастап өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі. Баланың айналасын жылы қабылдау үшін ата-анасының еңбегі ұшаң-теңіз.

Бала үшін отбасы-басты ақпарат көзі, сондықтан бала өмірді алғаш отбасының ықпалымен таниды.

Бала дамуы мен қалыптасуы өсімдік тәріздес, өзіне тиімді күтімді қажет етеді, ал олай болмаған жағдайда нәтижесі қанағаттандырмайды.

3. Оқу мотивациясы білім сапасының көрсеткіші ретінде

Баланың білім қайнарынан «нәр алуға» ықыласын қалай ояту керек? Танымдылық белсенділігі қалай сарындау қажет? Бұл мәселе бойынша мұғалімдер, әдіскерлер, психологтар тапжылмай жұмыс істейді. Бірақ та, соншалықты зор нәтиже берілмеуде. Сондықтан, мұғалімдер әр түрлі «қызықтырулар» ойлап сабақтарда қолданады: ойындар, слайдтар т.б. Алайда, мұның барлығы сыртқы уәж. Ал оқу әрекетінің табысты болуы және білім сапасы ішкі уәжбен байланысты.

Педагогикалық үрдістің тиімділігінің негізгі критерийі – оқушының тұрақты танымдылық қызығушылығы мен мотивациясы. Қазіргі таңда мектептің ең негізгі мәселесі – оқу мотивациясын қалыптастыру. Оның өзектілігі оқу әрекетімен оқу мазмұнының жаңаруымен, оқушылардың өздігінен білім алу әдістерін қалыптастырумен, белсенділігін дамытумен себептеледі. Әр бала үшін оқу әрекетінің маңызы әр түрлі. Оқушының мотивациясын айқындау – педагогикалық шараларды анықтау, баламен жұмыс әдістерін белгілеу. Адамның мотивациялық өрісі әр түрлі.

1 блок. Жеке тұлғаның оқу мағынасы – А.К.Маркова бұл үрдісті оқушының оқуға деген ішкі көзқарасын анықтайды дейді, өзінің өміріне, өз тәжірибесіне, өз-өзіне теңейді. Оқудың мағынасына жету, тұлғалық мәнділігі өзінен-өзі пайда болмайды, білім меңгеру үрдісінде қалыптастыру қажет. Оқудың тұлғалық маңыздылығы әр мектеп жасында әр түрлі болады.

Оқудың маңызы бала үшін идеалдар жүйесі арқылы анықталады, яғни ол оларды қоршаған ортадан, отбасынан меңгереді.

Оқу маңызына күрделі тұлғалық қасиеттері:

- Оның мәнділігін объективті түрде сезінуі;
- әлеуметтік ортада, әсіресе отбасында қабылданған адамгершілік құндылықтар;
- Баланың өзін-өзі бағалауы мен талаптану деңгейі енеді.

Оқыту барысында аталған критерийлар даму үрдісінде болады, сол себептен оқу маңызы да дамып отырады немесе басылады.

Мотивацияда ерекше рөл оқу үдерісінің табыстылығына байланысты – білім қоры мен сапасы, әдіс-тәсілдерді жию болып табылады.

2 блок. Оқу мотивтерінің түрлері: танымдық, әлеуметтік.

- Танымдық мотивтер әрекетінің мазмұнымен білімге терең қызығушылықпен байланысты. Танымдық мотивтер өз білімін жетілдірудің негізі болып, оқушының таным әдістерін жетілдіруге бағытталады.

- Әлеуметтік мотивтер оқушының басқа адамдармен өзара әр түрлі әрекеттеріне байланысты. Мысалы: қоғамға пайдалы болуға ұмтылу, мұғалім және ата-аналар алдындағы жауапкершілікті сезіну.

Әлеуметтік мотивтерге позициялық түрлері кіреді: анық позицияға орнығуға ұмтылу, айналадағылардың мадақтауын иеленіп, беделін көтеруге тырысу. Позициялық мотив өзін танытуда- көшбасшы орнын алуда, басқа адамдарға әсерін тигізуде, ұжымда үстемді болуында көрінеді. Бұл мотив – өзін тәрбиелеудің, жетілдірудің негізі болып саналады.

Іс-әрекеттің өзіне байланысты мотивтердің түрлерін басқаша сипаттау болады. Сыртқы мотивтер іс-әрекетпен байланысты емес, егер де байланысты болса, ішкі мотивтер болып саналады. Ішкі мотивтер үрдістің өзіне және оның нәтижесін қызығушылығы, дағдылар мен машықтарды дамытуға тырысумен сипатталады. Сыртқы мотивтер ата-аналар немесе мұғалімдер мәжбүр еткенде көрінеді. Мысалы, оқушылар есептер шығарғанда жақсы баға алу үшін орындаса, бұл сыртқы мотивтер болып саналады. Ал ішкі мотивтер – сол есептерге қызығып, олардың рационалды әдісін табуға, нәтижесіне жетуге ұмтылса. Егер ересек адамның қадағалауы мен ғана орындалса, мотив өзекті болмай сыртқы болады. Оқу мотивтерінің 3-і түрі екінші тенденцияға негізделеді. Табысқа жету немесе қиындықтан қашу. Табысқа жетуге мотив қойған балалар алдарына позитивті мақсаттар қойып, белсенді амалдар іздеп, барлық қорларын салып, оңтайлы эмоцияларымен рахаттанады. Ал қиындықтан қашып құтылуға мотивтерін бағыттаған бала өзін-өзі бағалауы төмендігін, өзінің күшіне сенбей табыстыққа жете алмайтынымен байланысты.

Сондықтан, мұғалімдер мен ата-аналардың басты міндеті – баланың шамалы жетістігін мадақтап, сәтсіздіктерге аса назар аудармай, табыстыққа ұмтылуына дамыту.

3 блок. Мақсатты тұжырымдау

Мотивтерді іске асыруда мақсат қоя білу – баланың мотивациялық өрісінің кемелдену көрсеткіші. Бұл қабілеті болашақта кәсіби әрекетінің табысты болуының негізіне жатады.

4 блок. Мотивтің мінез-құлқында іске асуы. Мұнда көрінетін аспектілер: мінез-құлқы мен оқу әрекетінің барысына әсер етуі, оқу тапсырмаларының таңдау әдістері.

Қабілеттер мен бейімділіктер негізінде өзекті қызығушылықтар жатады, олар кәсіби бағдар алуына әсерін тигізеді. Бұл адам үшін үлкен құндылық.

5 блок. Оқу мотивациясының эмоционалды компоненті

Оның негізгі мінездемесі – оқушының уайымдауы, оқуға эмоционалды көзқарасы. Егерде баланы қоршаған орта қолайлы, жайлы болса оқушының ішкі мотивтері мен елігушілігі, пәнге деген танымдық-эмоционалды көзқарасы артып, оқуы табысты болады.

Ата-аналар мен педагогтарға арналған кеңестер **Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауының алдын алу.**

- Балалардың отбасылық және ішкі мәселелерін ашық талқылаңыздар.
- Отбасылық жанжалдарға балаларды араластырмаңыздар.
- Баланы тыңдай, оның сұрақтарына жауап бере, оның мәселелерін талқылай білу қажет.
- Оның өмірінде немқұрайлы емес, шынайы қатысу қажет.
- Оған сеніңіз, кездейсоқ еркелігін кешіріңіз.
- Балаларыңызға шынайы мақсаттарды қоюға және оларға қол жеткізуге ұмтылуға көмектесіңіз.
- Кедергілерді жеңуге міндетті түрде жәрдемдесіңіз.
- Баланың үйдегі, мектептегі және даладағы құқықтары мен міндеттерін нақты анықтай біліңіз. Бұл жерде дәрекілік емес, табандылық қажет.
- Оны кемшіліктері үшін айыптамаңыз, кінәламаңыз, оны қорқыныш, жалғандық, жауласу әлеміне жолатпаңыз. (Әрекетті сынға алуға болады, бірақ адамды емес!)
- Жастардың кез-келген құнды оң бастамаларын сөзбен және іспен қолдаңыз.
- Ешқандай жағдайда күш қолданатын жазалауды қолданбаңыз.
- Өсіп келе жатқан балаларыңызды жақсы көріңіз, қамқоршыл болыңыз және өте маңыздысы, олармен әдепті болыңыз.
- Бір-біріңізді балаға билік етумен бопсаламаңыз.

- Қиын сәтте жанында болатын қамқоршы, жақсы көретін адамға көп нәрсе тәуелді.
Ол потенциалды суициденттің өмірін құтқарып қалуы мүмкін.
- Ең бастысы, баланың дамуына көмектесіп, әсер ету нәтижесін, өз еңбегіңіздің нәтижесін ала отырып, өз баларыңызды қалай бар, солайша қабылдауға үйреніңіз. Құрметті ата- аналар, сіздердің әр қайсысыңыз, балаңыңызда мәселесі қайда (қандай) екеніне ойлансаңыздар.
- Бала тағдырына қызығушылық таныту, сіздің көмектесуге әзірлігіңіз оған эмоционалдық тірек болады, Сіздің көмегіңізді қабылдай отыра, дұрыс қадам жасағанына көз жеткізеді.
- Өзіне-өзі қол жұмсау ишараларына жете қарау қажет. Көмек сұрау айғайы, жалғыздық күйзелісіне араласудың бірден-бір мүмкіндігіне ие көмек беруші адамның қарсы әсеріне мұқтаждығына күмән келтіруге болмайды.
- Жасөспірімнің көңіл күйі түскені және басқа да депрессивті жағдайы байқалса, баланың бұл жағдайдан шығуына көмектесу үшін дереу шаралар қолдану қажет. Жасөспірімдерде депрессияның алдын алу өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алуда өте маңызды болып табылады. Жасөспірімдерде депрессияның алдын алуда ата-аналары маңызды рөлге ие.
- Баламен сөйлесу, оның жағдайы туралы сұрақтар қою қажет, болашақ туралы әңгімелесу керек, жоспарлар құру қажет. Бұл әңгімелесулер позитивті болу керек. Балаға оптимистік ықпалды «иландыру» қажет, сенім орнатып, оның алға қойған мақсаттарға жете алатындығын көрсету керек.
- Баланы «үнемі ризасыз кейпі» және «жылауықтығы» үшін кінәламаңыз, одан да оң жақтары мен оның тұлғасының ресурстарын көрсетіңіз. Оны одан жетістікті, қайырымды, ширақ басқа балалармен салыстырмаңыз. Бұл салыстырулар жасөспірімнің онсыз да төмен өзіндік бағалауын түсіреді. Бүгінгі жасөспірімді кешегі жасөспіріммен салыстырып, ертеңгі жасөспірімнің позитивті бейнесіне бағыттауға болады.
- Баламен бірге жаңа істермен айналысыңыз. Күнде жаңа бір нәрсені біліп, бұрын істемегенді істеңіз. Қалыпты өмірді түрлендіру қажет. Тренажер залына жазылу немесе немесе таңғы жаттығу жасауды әдетке айналдыру, жаңа серуендеу бағыттарын таңдау, демалыс күндері тартымды экскурсияға бару, үй міндеттерін орындаудың жаңа әдістерін іздеу, кинотеатрға, көрмелерге бару, үйді жинастыру. Үй жануарын – ит, мысық, алақоржын, тотықұс алуға немесе балықтарды өсіруге болады. Қорғансыз жанға деген қайырымдылық баланы жұмылдыруға және оны оң әсерге бағыттауға көмектеседі.
- Жасөспірімге күн тәртібін сақтау қажет. Оның ұйқысы жақсы қанып, жақсы тамақтануы, таза ауада қажетті уақыт болуы, спортты қозғалмалы түрімен айналысуы қажет.
- Депрессия – психофизиологиялық жағдай. Бұл кезеңде жасөспірімнің физикалық жағдайын қолдау керек, тым болмаса, екі белгі қалыптасса, маманға кеңеспен жүгініңіз.
- Адамда, соның ішінде жасөспірімде, антисуицидтік, өмірге деген табандылық факторларының саны көп болса, оның «психологиялық қорғанысы» және өзіне деген ішкі сенімі мықты болса, оның антисуицидтік тосқауылы берік болады!

ЖАСӨСПІРІМДІ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ ЖҰМСАУДАН НЕ ТОҚТАТУЫ МҮМКІН

- Баламен қамқорлық қарым-қатынастарды орнатыңыз
- Зейінді тындаушы болыңыз
- Қатынаста шынайы болыңыз, қорқынышты жағдай туралы байыпты және түсінікті сұраңыз
- Психикалық ыңғайсыздық көзін анықтауға көмектесіңіз
- Барлық мәселелерді дұрыс шешу үшін сенім орнатыңыз
- Балаға оның тұлғалық қорларын тануға көмектесіңіз
- Баланың осы шақта сәтті орнығуы үшін қолдау көрсетіңіз және болашақтағы бағытты анықтауға көмектесіңіз
- Жасөспірімді зейінмен тыңдаңыз!

ОТБАСЫНДА БАЛАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Жаманшылыққа күманданбаңыз;
- Мазақ қылмаңыз;
- Аңдымаңыз;
- Тергемеңіз;
- Тәжікелемеңіз;
- Жауапкершілікке мәжбүрлемеңіз;
- Қарым-қатынастың сырластық тәжірибесін бақыламаңыз;
- Үйде тыныштық, сенім, қауіпсіздік ахуалын жасаңыз;
- Үйде ашықтық принципі бойынша қарым-ақтынас әдетін тудырыңыз;
- Өзіндік тәжірибе құқығын беріңіз;

БАЛАЛАРДА ӨЗІНДІК ҚАДІРЛЕУ МЕН ЖЕКЕ АДАМГЕРШІЛІГІН ДАМУЫҒА ҚАЛАЙ ЖӨРДЕМЕДЕСУ КЕРЕК?

Мектепте:

- Жетістікке жетуге шынайы мүмкіндіктер ұсыныңыз;
- Балаға үнемі қызығушылық таныту, оның бастамаларын қабылдау және қолдау;

- Өткендегі қателіктері мен шалыс басуларына көңіл аудармай, мінезінің оң жақтарына назар салыңыз;
- Үнемі баланы қолдап, қайраттандырып, мақтау қажет, оны ешқашан сынға алмай, оған арсыздық көрсетпеу қажет;
- Баланың қолынан келетін тапсырмаларды таңдай отыра, оның сенімсіздігінің, қателік жіберуден және сәтсіздіктен, жаңа істен қорқудың алдын алу;
- Оған нақты мақсаттарды қоя білу және оның жетістіктері мен сәттіліктеріне шынайы баға беру.

Отбасында:

- Қарым-қатынаста жылылық және эмоционалдық пікір білдіру, барлық жағдайда қолдау көрсету қажет;
- Отбасына эмоционалдық жақындық ахуалын жасаңыз;
- Балаға үнемі қызығушылық танытыңыз, оған қамқор болыңыз;
- Талаптылықты – немқұрайлықтан, бостандықты – шектеуден, қатынастағы жылылықты – шеттетуден артық көріңіз;
- Балалармен қарым-қатынаста авторитарлық позицияларды жойыңыз.
- Отбасындағы қатынаста дерективті стильге жол берілмеуі керек!
- Ортодоксалдық пайымдаудан аулақ болу керек;
- Балалармен қатынаста өз қателіктеріңді мойындай білу қажет.

РЕНІШТЕР НЕГЕ ӘКЕЛЕДІ

Кенеттен пайда болған және ақырындап жиналатын реніштер: Неге әкеледі?

- «Өзіне кетуге» ұмтылуға;
- Оқшаулануға;
- Қарым-қатынаста шеттеуге;
- «Қатынастарды анықтау» ұмтылысына, бұл қақтығысқа ауысуы мүмкін;
- Қоршаған жағдайды «қара түстерде» көруге деген ұмтылысқа;
- Рационалдықтан эмоционалдық ауытқудың артуына;
- Жүйке-психикалық шиеленісудің артуына;
- Белсенділіктің төмендеуіне;
- Танымдық белсенділіктің реніш объектісіне аударуға және, нәтижесі ретінде, түскен ақпаратты дұрыс бағалаудың шектелуіне әкеледі.

БАЛА ҚАШАН РЕНЖИДІ

- Барлық сәтсіздіктерді саған артса, ренішті;
- Жетістіктерін байқалмаса, ренішті;
- Егерде саған сенбесе, ренішті;
- Сенің қолыңнан келетін істі басқа адамға тапсырса, ренішті;
- Басқалары қызықты нәрсемен айналысқанда, сені жабырқақы, ез болған іспен айналысуға мәжбүрлегенде, ренішті;
- Түсінікті және қызықты іс машақатқа, құтыла алмайтын іске айналғанда, ренішті;
- Үшінші тұлғалардан өзін туралы «жаңашылдық» білгенде, ренішті;
- Өз шаруаларымен жүріп, сен туралы ұмытқанда, ренішті;
- Сенен күмәнданса, ал сенде ақталу мүмкіндігі болмағанда, ренішті;
- Біз еске алмағандардың көбі үшін ренішті.

БАЛАЛАР ӨМІР СҮРУДІ ӨМІРДЕН ҮЙРЕНЕДІ

- Егер баланы үнемі сынға алса, ол жек көруді үйренеді.
- Егер бала араздық ортасында өмір сүрсе, ол агрессияға үйренеді.
- Егер де баланы мұқатса, ол тұйық болады.
- Егер де бала жазғыру жағдайында өссе, кінә сезімімен өмір сүруге үйренеді.
- Егер де бала шыдамдылық ортасында өссе, ол басқаларды қабылдауға үйренеді.
- Егер баланы жиі көтермелесе, ол өзіне сенуге үйренеді.
- Егер де баланы жиі мақтаса, ол қайырымды болуға үйренеді.
- Егер бала адалдықта өмір сүрсе, әділ болуға үйренеді.
- Егер бала әлемге деген сенімде өмір сүрсе, ол адамдарға сенуге үйренеді.
- Егер бала қабылдау ортасында өмір сүрсе, ол әлемде махаббатты табады.

Жасөспірімдердің ата-аналарына арналған 10 кеңес

Жасөспірімдік жаста балалар өз ата-аналарының өмірін бағалай бастайды. Анасының және әкесінің мінез-құлығын, әрекеттерін, сыртқы түрін талқылайды. Және үнемі салыстырады. Осы салыстырулардың нәтижесі ұлыңыз немесе қызыңызбен қарым-қатынасқа әсер етеді. Ол сізге жағымды немесе жағымды емес болуы мүмкін.

1 кеңес

• Егер ұятқа қалғыңыз келмесе осы бағалауға ертерек дайындалыңыз. Баламен қарым-қатынастағы ең бастысы - өзара түсінушілік. Оны орнату үшін сіздер ынта білдіру және ренішті жасырмау керексіз.

2 кеңес

• Балада өзіне, өз күшіне сенушілікті қолдаңыз, белгілі кемшіліктер (олар әр адамда бар) болғанымен оларда жақсы жақтары да бар екенін айтыңыз.

3 кеңес

• Таң қалдырыңдар – бұл есте сақталады! Күтпеген және қатты әсер қалдырған адам қызық және беделді болады. Ата-ананың өмірі, олардың көзқарастары, әдеттері ұзақ ақыл беру әңгімелесулерге қарағанда балаға әсерін көбірек тигізеді.

4 кеңес

• Сіздің балаңыз мықты және дені сау болғанын қалайсыз ба?

• Онда өзіңіз біліп, баланы өз ағзасы туралы, денсаулықты сақтау және оны күшейту туралы білім негіздеріне үйретіңіз.

5 кеңес

• Баланың да, өздеріңіздің де денсаулықтарыңызды сақтаңдар, онымен бірге спортпен шұғылдануға, демалысқа шығуға, серуенге баруға үйреніңіз.

6 кеңес

• Аптасына қанша уақыт сіздер өз балаларыңызбен өткізесіз? – Аптасына 1,5 сағат?! Оқудан және сабаққа дайындалудан бос уақытта сіздің балаңыз немен айналысатынын міндетті түрде ойлаңыз.

7 кеңес

• Үлкендердің балалармен кейбір тақырыптарға сөйлегісі келмейтіні баланы осы тақырыптар тыйым салынған деген ойға келдіреді. Жалтармалы немесе бұрмалаған ақпарат балаларда негізсіз алаңдауды туғыздырады.

8 кеңес

• Жасөспірімдерді отбасыдағы психологиялық та (қайғылы оқиға болса да, біреудің ауырғаны немесе өмірден кетуі – бұл адамды шынықтырады және оны сезгіш қылады), материалдық та (жағдайдан шығу амалын табуға үйретеді) проблемалардан артығынан қоршамаңдар.

9 кеңес

• Егер сіздер тәрбиелуде қателер жасауды үлгірсеңіз, сіздерге жолдың басына қарағанда қиынырақ болады. Бірақ егер сіз өз тәрбиеленушіңізде тек бір тамшы жақсыны көрсеңіз және келесіде тәрбиелеу үрдісінде осыған сүйінсеңіз, онда балаңызбен тіл табысып, жақсы нәтижелерге жетесіз.

10 кеңес

• Егер сіздікі дұрыс емес болғанын, бір маңызды мәселелерде ұлыңыздың немесе қызыңыздың пікірін таңдамағыныңызды түсінсеңіз, алдымен өз алдыңызда, ал сосын баланың алдында оны мойындауға қорықпаңыз.

1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ

1. Ата - анаға баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығы бойынша кеңес беру

1. Баланы біртіндеп мектеп күн тәртібіне бейімдеу керек.
2. Бала мұғалімді дұрыс тыңдауы үшін оған беретін нұсқауларыңыз анық, аз сөзді, жылы лебізді, жайдарлы әрі жайлы болуы қажет. Баланы мектепте болатын қиындықтармен қорқытпаңыз.
3. Мектеп алдында әрі оқу кезінде баланың көру және есту сезгіштігін тексертіп отырыңыз.
4. Оқуға дайындық: 6 - 7 жастағы бала әліппенің баспа әріптерінің барлығын білуі тиіс. Кейбір балалар буындап, кейбірі тұтас мәтінді де оқи алады. Балалардың дайындығы әр түрлі болғанымен барлық балалар оқу процесінен жылдам шаршайды. Сабақты демалыспен кезектестіріңіз. Балаңыз айна алдында дыбыстарды нақты, дауыстап, жекелеген дыбыстарды бөліп әрі созып айтуына мүмкіндік беріңіз. Бұл сөйлеу апаратын дамытады.
5. Жазуға дайындық: қаламды бала дұрыс жаттыққан қолмен ұстауы тиіс. Бояуды трафарет және штрихтаумен алмастыру. Сызықтар төменнен жоғары, оңнан солға, егер ол қисық болса, онда сағат тіліне қарсы болуы тиіс. Сызықтардың арасы 0, 5 см болуы тиіс, бұл жазба әліппесінің негізгі принципі. Есіңізде болсын, сабақтан қалай шаршаса, оқудан да солай шаршайды.

Есіңізде сақтаңыз!

Балаңызды мектепке дайындағанда сіз өзіңізге мұғалім ролін алмай, балаңыз үшін оны жақсы көретін және түсінетін ата - ана болып қала беруіңіз керек. Бала өзінің қолынан келетіндердің бәрін бар ықыласымен орындайды. Сондықтан ол жалқау бола алмайды.

Балаңыздың жетістігін ешқашан өз жетістігіңізбен және үлкен бауырының, сыныптас құрбысының жетістіктерімен салыстырмаңыз. Тек қана сіздің шыдамдылығыңыз бен сүйіспеншілігіңіз балаңыздың оқуда алға ұмтылуына кепіл бола алады.

2. Педагогтерге оқушының баланы мектептегі оқуға психологиялық дайындау бойынша кеңес беру

- Бала үшін жағымды психологиялық ахуал орнату;
- Оқу түрткісін өзектендіру, оқушыға өзінің оқуы үшін жауапкершілікті түсініп, оны мойнына алуға үйрету;

- Балаға «Оқушы» позициясын алуға көмектесу;
- Қарым - қатынаста коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- Баланы мұғаліммен, оқушылармен оқу ынтымақтастығына тәрбиелеу;
- Баланың тұлғалық дамуына қолайлы психологиялық жағдай жасау.

3. Ата - анаға: Балалардың қорқыныш, үрей сезімінен арылту бойынша психологиялық кеңес беру:

Егер сіз өзіңіз бірдеңеден қорықсаңыз қорқынышыңызды балаға көрсетпеуге тырысыңыз. Әлемді өлімге апарар ауру кезіп жүр, қалада қанішер адам пайда болды және т. б. дегенді үнемі айта берудің қажеті жоқ.

1. «Қорқынышты» фильмдерді көрсетуге рұқсат етпеңіз.
2. Баланы қорқыту үшін өзіңізге қорқынышты кейіпкерлерді, мыстан кемпірді, қапшығы бар ағаны, ашулы полицейді және т. б. одақтас етіп алғанды доғарыңыз.
3. Күрделі жағдайларда (ажырасу, отбасында жаңа мұрагердің пайда болуы, жөнді танымайтын туысқандарға көшіп бару) баланың эмоционалдық жай - күйіне көңіл аударыңыз – жағымсыз жағдайларда ол ересектердің назарын өзіне аудару үшін санасынан тыс қорқынышты пайдалану мүмкін.
4. Баланың ұйықтау мен сергек жүру тәртібінің жасына сай екендігіне, күні бойы оның жеткілікті мөлшерде жағымды әсер алуына көз жеткізіңіз.
5. Егер балаға қараңғылықтан қорықпауды үйреткіңіз келсе, күштеу шараларын қолданбаңыз, бұл қараңғы бөлмеге кіруге қатысты бастаманы баланың өзі көтергенде ғана мүмкін болмақ.
6. Баланы тым күшті қорқыныш билеген кейбір кездерде, психологтар жаны түршігер құбыжық немесе қорқынышты оқиғаның суретін салып, бұдан соң салтанатты түрде күлге айналғанын баланың көзіне көрсеткен дұрыс дейді. Бұл рәсімді қаншалықты қажет болса, сонша істей беруге болады.
7. Баланың қорқынышты жеңуге деген талпынысын мақтаңыз. Ол өз мінез - құлқының оңды беки түскенін қалайды.
8. Балада қорқыныш пайда болған жағдайда денелік жақындасудың маңызы зор – оны құшақтап, құшағыңызда тербетіңіз, сүйіп, босаңсытатын массаж жасаңыз.
9. Үйде бала өзін қауіпсіз сезінетіндей ахуал қалыптастыруға тырысыңыз.

Есіңізде болсын!

Жылулық пен жайлылық сыйлайтын байсалды да зейінді, мейірімді ана және тұрақтылық пен қауіпсіздік нұрын шашады.

4. Педагогтерге: оқушыларды мазасызданудан арылту бойынша психологиялық кеңес беру.

1. Жоғары мазасыз балалар тобына ерекше назар аудару керек. Олармен қарым - қатынаста психологиялық жарақат әкелетін сыни пікірден, ескертуден, олардың тұлғасын жағымсыз бағалаудан аулақ болыңыз. Олармен оқу мен өзара әрекетте жеке даралық ұстанымы тұрғысынан қарым - қатынасқа түсу қажет.

2. Сабақтан тыс шараларда эмоционалдық қысымды азайтуға және балалар ұжымын нығайтуға, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмысты ұйымдастырған жөн.

3. Шаршауды болдырмау үшін жағдай жасау: қимыл және эмоционалдық босаңсуға бағытталған жаттығу элементтерін сабақта қолдану, оқу жүктемесі мен үй тапсырмасының көлемін бөліктерге бөлу іс - әрекеттің жиі ауысуына әкеледі.

4. Мазасыздану деңгейі жоғары балалар тыныш, әрі қалыпты ахуалда табысты жұмыс істейді, керісінше жағымсыз ахуалда: уақыт тапшылығында, жедел жауап беруді талап ететін сұрау кезінде сәтсіздікке жиі ұшырайды. Сондықтан балалармен жұмыста қолайлы психологиялық ахуалды орнату қажет.

5. Ата - анаға баланың зейін ерекшеліктерін дамыту жайлы кеңес беру

Бастауыш сынып оқушысының оқудағы жетістігі мен табыстылығы тікелей баланың зейін қасиетімен байланысты. Балалардың зейінін жаттықтыруда келесі ережелерді ескеру керек:

Бірінші ереже: Баланың ақыл - ой жұмысының әр сағатында 5 - 10 минут дене жаттығуын, кішігірім массаж, көзге гимнастика жасатып отырған жөн.

Екінші ереже: кейбір балалар кез - келген жағдайда жұмыс істей береді, бірақ балалардың басым көпшілігіне сыртқы ықпалдар да өте маңызды: тыныштық, жұмыс столының үстіндегі заттардың жинақы тұруы, жарықтың дұрыс түсуі, жұмыс істеу қалпының дұрыс болуы.

Үшінші ереже: ақыл - ой жұмысына қолайлы уақыт мезгіліне бағдарлану. Көптеген зерттеулерге сүйенсек адамның жұмыс белсенділігі 5, 11, 16, 20 және 24 сағатқа келеді екен. Осы кезеңдерде зейін тұрақтылығы жоғары дәрежеге көтеріледі.

Төртінші ереже: 6 - 7 жастағы балалардың зейіні тұрақсыз болып келеді, бала ұзақ уақыт бойы бір затқа немесе іс - әрекетке назар салып тұра алмайды. Бала зейінін тез аударады, себебі қозу тежелуден басым болады. Сондықтан баланың зейінін аудару үшін ашық, қызықты заттар, ғажайып құбылыстар пайдалану керек.

Баланың мектепке психологиялық дайындығы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеті-баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектісін дамыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу екендігін ерекшелейді. Сондықтан да оқушылардың даму ерекшеліктерін жетік танып білуіміз қажет.

Алты жасар баланың мектепке дейінгі және мектеп аралығындағы жағдайының өзіндік психологиялық ерекшелігін анықтау болып табылады. Танымдық іс-әрекет түрлері жас ерекшеліктеріне сай дамығанын анықтау.

Баланың танымдық қызығушылығын білу- бала жан-дүниесіне билік жүргізудің жолы.

Баланың білуге деген құмарлығын қалай дамытуға болады? Ол үшін ата-ана не істеу керек?

Баланың білуге деген құмарлығын дамыту ересектермен байланыс жасау кезінде ерекше қарқын алады. Ата-анамен қарым-қатынас кезінде бала өзін толғандырған сұрақтарға жауап алуға тырысады, бірақ психологтардың зерттеулеріне қарағанда, сұраққа бірден жауап беруге тырыспау керек, баланы әр нәрсенің жауабын өзі ізденіп табатындай жағдайға жеткізу керек.

Біз, ересектер балалардың қойған сұрақтарына көбінесе, жүрдім-бардым, жеңіл-желпі қарап жатамыз. Сұрағына жауап ала алмаған баланың ересектерден көңілі қалып, біртіндеп айналада қоршаған ортаға қызығушылықтары төмендей бастайды.

Құрметті ата-аналар, есіңізде сақтаныз, сұрақ болмаған жерде дүниені тану да, даму да болмайды.

Сондықтан да балаңыздың білуге құштар жүрегінен шыққан әр сұраққа мұқият қарап, ойланып жауап қайтарыңыз. Бала сұрақ берген сәтте оған ұзын-сонар жауап айтудың қажеті жоқ, оның ұғымына сай қысқа әрі нұсқа жауап берсеңіз болады. Сұраққа жауап бере отырып, баланы ойлануға жетелеу керек. Шама келсе, баланы өзін қызықтыратын сұрақтарға жауапты сөздіктерден, балалар энциклопедиясынан іздену арқылы табуға жетуіне тәрбиелеу керек. Бала өзін қоршаған ортамен белсенді байланысқа түскенде ғана «Неге бұлай? Бұл қалай? Неліктен? Не себептен?» деген сияқты сұрақтар туындайды. Мұндай кездерде ата-ана баланың дамуына ықпал ететін, ол үшін жаңалық болып ашылатын сан алуан әрекет түрлерін ойластырғаны, ұйымдастырғаны жөн. Сол арқылы бала өзін тұлға ретінде таниды, өзі үшін маңызды жаңалық ашады. Ата-ана баласын табиғат аясына, хайуанаттар бағына, саябаққа ертіп апару арқылы олардың дамуын белгілі бір танымдық мақсатқа бағыттайды. Сонымен қатар ол баланы салыстыруға, талдауға, қорытуға, ой түюге итермелейді.

Психологтар балалардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін келесі жағдайларды бөліп көрсетеді:

1. Бала дамуында ерекше сезімтал, әсершіл кезең деп шамамен 3-тен 12 жас аралығы саналады. Сондықтан баланың ақыл-парасат дамуының кемелдігі үшін осы кезеңді босқа өткізбей, толыққанды қолдана білу керек.

2. Баланың танымдық белсенділігі жоғары деңгейде болады. Осы қабілеттерінің дамуы үшін оның оқуға деген ұмтылысы, білуге деген талпынысы басты орынға шығады.

3. Тәрбиенің тең құқылы жүйесі. Ата-ананың балаға үстемдік жасауы, өз айтқандарын істетейіп, баланың ішкі пікірін есепке алмауы, санаспауы, баланың толыққанды дамуын тежеуші бірден-бір фактор болып табылады.

4. Баланы интеллектуалдық тапсырмалар мен жаттығулар орындауға үйретіңіз. Бірақ баланың еркінен тыс мәжбүрлеу ешқандай нәтижеге қол жеткізбейді. Керісінше, оның қызығушылығын жойып, белсенділігін тежейді.

5. Өз бетінше оқу. Бала 9 жасына дейін өз бетімен кітап оқып үйренсе, бұл баланың дамуын ары қарай ұштап дамыта түспек.

6. Өзін жоғары бағалау. Бала өзін, өз қабілеттерін жоғары бағаласа ғана, мақсат еткен, қолға алған кез-келген істе сенімді болады.

7. Бала белгілі бір табысқа қол жеткізген жағдайда ғана өзін-өзі бағалай бастайды. Сондықтан да баланы табысқа, жетістікке жетелейтін жағдай жасауға ұмтылу керек.

8. Баласының интеллектуалдық дамуын, зейінінің өсуін қадағалап отыратын, кітап оқығанды жақсы көретін отбасында баланың дамуы жедел жүреді.

Алты жастағы балаларды оқытуда ойын оқыту әдіс ретінде ерекше орын алады. Осы жастағы балаларға тән мінез-құлық: ойынға деген қызығушылығының артуы, мінез-құлық еріктілігінің жетіспеушілігі, көрнекілік-бейнелік ойлауы. Сондықтан балаларды дамытуда танымдық мазмұны бар ойын элементтерін қолдану өте тиімді болады. Осындай элементтер болып: ойын сюжеті, рөлдерді бөлу, берілген мақсатқа жету және арнайы ережелерді орындау үшін ұтысты ойын элементтерін пайдалану. Аталған әдіс-тәсілдерді тәжірибелік іс-әрекетте күнделікті қолдану

Мақсаттары:

4. «Мектепте оқуға психологиялық дайындық» түсінігі туралы ата-аналарды ақпараттандыру.
5. Мектепте оқудың психологиялық дайындық мәселелерін және оларды шешу жолдары туралы ата-аналарда түсінік қалыптастыру.

6. Болашақ 1-і сынып оқушыларының мектепте икемделу мәселелерін тиімді шешуде ата-аналар қызығушылығын белсендендіру.

Міндеті: балалардың мектепте оқуға психологиялық дайындығының мәселелерін жеңу стратегиясын шығару.

Мектепке психикалық дайындығы

(синоним: мектептік кемелдену)-баланың мектепте алғашқы жетістіктеріне қажетті психикалық қасиеттері.

Келесі құрастушылардан тұрады:

1. Мотивациялық дайындық – мектепке оңтайлы көзқарасы мен оқуға ынтасы;
2. Ақыл-ойының немесе танымдылық дайындығы-ойлау қабілетінің, жадының, зейін тұрақтылығының және т.б. танымдық үдерістердің даму деңгейінің жеткіліктілігі, білім мен іскерлігінің белгілі қорының бар болуы;
3. Ерік-жігерінің дайындығы - мінез-құлқының еркіндік деңгейінің жоғары дамуы;
4. Коммуникативтік дайындығы- құрбыларымен қарым-қатынас орнату қабілеттілігі, үлкен адамдарға мұғалім ретінде көзқарасы және бірігіп жұмыс істеуге дайындығы.

Мектепке психологиялық дайындығы

1. Баланың мектепке жеке тұлғалық және әлеуметтік-психологиялық дайындығы. Баланың жаңа әлеуметтік орныққан орнын қабылдауы, оның оқушы ретінде мектепке жеке тұлғалық және әлеуметтік-психологиялық дайындығының қалыптасуы.

2. Баланың мектепке дейінгі кезеңдегі қоғамдық орнын салыстырғанда қазіргі орны жаңа ережелерді қабылдауды міндеттейді. Бұл баланың мектепке жеке тұлғалық дайындығында, мұғалімге және оқу әрекетіне, құрбыларына, туыстары мен жақындарына, өзінің-өзіне белгілі бір қатынаста көрінеді.

Мектепке көзқарасы: мектептің күн тәртібін орындау, уақытында сабаққа келу, мектепте және үйде оқу тапсырмаларын орындауы.

Мұғалімге және оқу әрекетіне көзқарасы:

- Сабақтағы жағдаяттарды дұрыс қабылдауы;
- Мұғалімнің іс-әрекетінің негізгі ойын, оның кәсіби рөлін нақты қабылдауы;
- Сабақтың тақырыбына байланысты дұрыс сұрақ қоя білуі;
- Сабақ барысында эмоционалды контакт қолайлы болу үшін, баланы басқа әрекетпен айналыспауға үйрету.

Мектепке дайындығы аталған деңгейде болғанда, бала жаңа қоғамда әлеуметтік – психологиялық икемделу үдерісінен тез арада өтеді.

Баланың туыстары мен жақындарына көзқарасы

Өзінің отбасында жеке орын алатын баланы оқушы ретіндегі жаңа рөліне туыстары сыйлап қарайтынын сезінуі керек. Болашақ оқушыға, оның оқуына маңызды, мазмұнды іс-әрекетті орындап жүргендей көзқарасты білдіру қажет. Өйткені, оқу оның іс-әрекетінің негізгі түрі болып саналады.

Баланың өзі-өзіне көзқарасы

Бала өзінің қабілеттерін, іс-әрекетінің нәтижелерін адекватты түрде өзін-өзі бағалау қажет. Өзін-өзі бағалауы жоғары болса, мұғалімнің айтқан ескертулерін дұрыс қабылдамауы мүмкін. Соның нәтижесінде «мектеп жаман», «мұғалім ызалы» болып көрінеді.

Бала өзін және өзінің мінез-құлқын дұрыс бағалау керек.

Жоғарыда аталған баланың тұлғалық ерекшеліктері, оның жаңа әлеуметтік ортада тез арада икемделуін қамтамасыз етеді.

Баланың мектепке оңтайлы көзқарасы тек қана интеллектуалдық емес, эмоционалды-жігерлік компоненттерін де қамтиды. Оның жаңа әлеуметтік орнына- оқушы болуға тырысуы, мектепте оқудың маңыздылығын тек қана түсініп емес, дұрыс қабылдап, мұғалім мен құрбыларын сыйлау керек. Мектепке деген саналы көзқарасы оқу әрекеті туралы кеңейтілген және тереңдетілген ұғымымен байланысты болу керек. Баланың мектепке қызығушылығын әрі қарай қалыптастыру жолдарын белгілеу үшін, оның оңтайлы көзқарасының деңгейін білу өте маңызды болады.

Сондықтан, мектеп туралы берілген мәлімдемелерді бала тек қана түсінбей, сезініп, өз басынан кешу керек.

Баланы мектепке әкелерден бұрын ата-анасы онымен әңгіме жүргізіп, жаңа әлеуметтік рөлді қабылдауға қаншалықты дайын екендігін білгені өте маңызды. Балаға мектеп тақырыбына сурет салғызып, мектепте оны не қызықтыратынын білу қажет. Жүргізген әңгіменің нәтижесі мен және сол тақырыпқа салынған суретінің мазмұнын талдағанда, оның мектепке деген көзқарасын анықтап, баланы нақты не қызықтырады және нені ұнатпайтынын белгілеген жөн болады. Баланың мектепке көзқарасы мен жаңа әлеуметтік орны туралы қорытынды жасау қажет.

Егер бала мектепте оқығысы келмесе, нақты мотивациясы жоқ болса, оның интеллектуалдық дайындығы мектепте жүзеге аспайды. Ондай бала мектепте мәнді жетістікке жетпейді. Сондықтан, баланың әлеуметтік-психологиялық дайындығын қалыптастырудың қамын ойлау қажет.

Интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі баланың жеке тұлғалық дамуымен кейде сәйкес келмейді. Ондай оқушылар мектепте өздерін «кішкентай балаша» ұстап, оқу үлгерімі тұрақсыз болады.

Ата-анасы баланы қорқытып, мектепте сабақты дұрыс оқымаған, «2» қояды, «ойнауға уақыт болмайды», «мектепте бағдарлама қиын» деп қорқытуға болмайды. Нәтижесінде баланың мектепке жағымсыз көзқарасы қалыптасып, психологиялық қиыншылықтар себептерінен әртүрлі комплекстер пайда болуы мүмкін.

3. Оқу мотивациясы білім сапасының көрсеткіші ретінде

Баланың білім қайнарынан «нәр алуға» ықыласын қалай ояту керек? Танымдылық белсенділігі қалай сарындау қажет? Бұл мәселе бойынша мұғалімдер, әдіскерлер, психологтар тапжылмай жұмыс істейді. Бірақ та, соншалықты зор нәтиже берілмеуде. Сондықтан, мұғалімдер әр түрлі «қызықтырулар» ойлап сабақтарда қолданады: ойындар, слайдтар т.б. Алайда, мұның барлығы сыртқы уәж. Ал оқу әрекетінің табысты болуы және білім сапасы ішкі уәжбен байланысты.

Педагогикалық үрдістің тиімділігінің негізгі критерийі – оқушының тұрақты танымдылық қызығушылығы мен мотивациясы. Қазіргі таңда мектептің ең негізгі мәселесі – оқу мотивациясын қалыптастыру. Оның өзектілігі оқу әрекетімен оқу мазмұнының жаңаруымен, оқушылардың өздігінен білім алу әдістерін қалыптастырумен, белсенділігін дамытумен себептеледі. Әр бала үшін оқу әрекетінің маңызы әр түрлі. Оқушының мотивациясын айқындау – педагогикалық шараларды анықтау, баламен жұмыс әдістерін белгілеу. Адамның мотивациялық өрісі әр түрлі.

1 блок. Жеке тұлғаның оқу мағынасы – А.К.Маркова бұл үрдісті оқушының оқуға деген ішкі көзқарасын анықтайды дейді, өзінің өміріне, өз тәжірибесіне, өз-өзіне теңейді. Оқудың мағынасына жету, тұлғалық мәнділігі өзінен-өзі пайда болмайды, білім меңгеру үрдісінде қалыптастыру қажет. Оқудың тұлғалық маңыздылығы әр мектеп жасында әр түрлі болады.

Оқудың маңызы бала үшін идеалдар жүйесі арқылы анықталады, яғни ол оларды қоршаған ортадан, отбасынан меңгереді.

Оқу маңызына күрделі тұлғалық қасиеттері:

- Оның мәнділігін объективті түрде сезінуі;
- әлеуметтік ортада, әсіресе отбасында қабылданған адамгершілік құндылықтар;
- Баланың өзін-өзі бағалауы мен талаптану деңгейі енеді.

Оқыту барысында аталған критерийлер даму үрдісінде болады, сол себептен оқу маңызы да дамып отырады немесе басылады.

Мотивацияда ерекше рөл оқу үдерісінің табыстылығына байланысты – білім қоры мен сапасы, әдіс-тәсілдерді жию болып табылады.

2 блок. Оқу мотивтерінің түрлері: танымдық, әлеуметтік.

- Танымдық мотивтер әрекетінің мазмұнымен білімге терең қызығушылықпен байланысты. Танымдық мотивтер өз білімін жетілдірудің негізі болып, оқушының таным әдістерін жетілдіруге бағытталады.

- Әлеуметтік мотивтер оқушының басқа адамдармен өзара әр түрлі әрекеттеріне байланысты. Мысалы: қоғамға пайдалы болуға ұмтылу, мұғалім және ата-аналар алдындағы жауапкершілікті сезіну.

Әлеуметтік мотивтерге позициялық түрлері кіреді: анық позицияға орнығуға ұмтылу, айналадағылардың мадақтауын иеленіп, беделін көтеруге тырысу. Позициялық мотив өзін танытуда- көшбасшы орнын алуда, басқа адамдарға әсерін тигізуде, ұжымда үстемді болуында көрінеді. Бұл мотив – өзін тәрбиелеудің, жетілдірудің негізі болып саналады.

Іс-әрекеттің өзіне байланысты мотивтердің түрлерін басқаша сипаттау болады. Сыртқы мотивтер іс-әрекетпен байланысты емес, егер де байланысты болса, ішкі мотивтер болып саналады. Ішкі мотивтер үрдістің өзіне және оның нәтижесін қызығушылығы, дағдылар мен машықтарды дамытуға тырысумен сипатталады. Сыртқы мотивтер ата-аналар немесе мұғалімдер мәжбүр еткенде көрінеді. Мысалы, оқушылар есептер шығарғанда жақсы баға алу үшін орындаса, бұл сыртқы мотивтер болып саналады. Ал ішкі мотивтер – сол есептерге қызығып, олардың рационалды әдісін табуға, нәтижесіне жетуге ұмтылса. Егер ересек адамның қадағалауы мен ғана орындалса, мотив өзекті болмай сыртқы болады. Оқу мотивтерінің 3-і түрі екінші тенденцияға негізделеді. Табысқа жету немесе қиындықтан қашу. Табысқа жетуге мотив қойған балалар алдарына позитивті мақсаттар қойып, белсенді амалдар іздеп, барлық қорларын салып, оңтайлы эмоцияларымен рахаттанады. Ал қиындықтан қашып құтылуға мотивтерін бағыттаған бала өзін-өзі бағалауы төмендігін, өзінің күшіне сенбей табыстыққа жете алмайтынымен байланысты.

Сондықтан, мұғалімдер мен ата-аналардың басты міндеті – баланың шамалы жетістігін мадақтап, сәтсіздіктерге аса назар аудармай, табыстыққа ұмтылуын дамыту.

3 блок. Мақсатты тұжырымдау

Мотивтерді іске асыруда мақсат қоя білу – баланың мотивациялық өрісінің кемелдену көрсеткіші. Бұл қабілеті болашақта кәсіби әрекетінің табысты болуының негізіне жатады.

4 блок. Мотивтің мінез-құлқында іске асуы. Мұнда көрінетін аспектілер: мінез-құлқы мен оқу әрекетінің барысына әсер етуі, оқу тапсырмаларының таңдау әдістері.

Қабілеттер мен бейімділіктер негізінде өзекті қызығушылықтар жатады, олар кәсіби бағдар алуына әсерін тигізеді. Бұл адам үшін үлкен құндылық.

5 блок. Оқу мотивациясының эмоционалды компоненті

Оның негізгі мінездемесі – оқушының уайымдауы, оқуға эмоционалды көзқарасы. Егерде баланы қоршаған орта қолайлы, жайлы болса оқушының ішкі мотивтері мен елігушілігі, пәнге деген танымдық-эмоционалды көзқарасы артып, оқуы табысты болады.